

## Республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүргізу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 2006 жылғы 8 қыркүйектегі N 57 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 7 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4415 болып енгізілді. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2009 жылғы 27 наурыздағы N 4 қаулысымен.

*Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2009.03.27 N 4 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 57-бабына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І** :

1. Қоса беріліп отырған Республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Есеп комитетінің аппарат басшысы бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы қаулының мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

### *Төраға*

Республикалық бюджеттің  
атқарылуын бақылау жөніндегі  
есеп комитетінің  
2006 жылғы 8 қыркүйектегі  
N 57 қаулысымен бекітілген

**Республикалық бюджеттің атқарылуына  
сыртқы бақылауды жүргізу ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 917 Жарлығымен бекітілген Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі - Есеп комитеті) туралы ережеге, Мемлекеттік

қаржы бақылауы стандарттарына (бұдан әрі - Стандарттар) және Есеп комитетінің регламентіне (бұдан әрі - Регламент) сәйкес әзірленген.

Ереже бақылауды жоспарлау, оны жүргізу, оның нәтижелерін ресімдеу тәртібін айқындайды.

2. Республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылау Есеп комитеті жүргізетін тәуелсіз мемлекеттік қаржы бақылауының нысаны болып табылады.

Сыртқы бақылау (бұдан әрі - бақылау) республикалық бюджетке түсімдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету жөніндегі, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың, республикалық бюджеттен мемлекеттің міндеттемелерін өтеуге арнап берілген қаражаттардың, гранттардың, активтердің, бюджеттік инвестициялардың нысаналы, негізді және тиімді пайдаланылуына қатысты бақылау объектісінің қызметіне мониторинг жасайтын, оны салғастырып-тексеретін, талдайтын және бағалайтын жүйені білдіреді.

3. Бақылау жүргізуге тартылатын Есеп комитетінің қызметкерлері, мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандары және сарапшылар осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Есеп комитеті жүзеге асыратын бақылаудың үлгілері мен түрлері**

### **4. Бақылау үлгілері:**

1) сәйкестікке бақылау жасау - мемлекеттік қаржылық бақылау объектісі (бұдан әрі - бақылау объектісі) қызметінің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігін бағалау;

2) қаржылық есептілікті бақылау - бақылау объектісінің қаржылық есептілікті жасауының және табыс етуінің анықтығын, негізділігін және уақтылығын бағалау;

3) тиімділік бақылауы - іс-шаралардың атқарылу мерзімін және күтіліп отырған нәтижелерге қол жеткізудің дәрежесін, бюджеттік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін индикаторларын, байланысқан гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін үнемділік және өнімділік бағалауларын қолдана отырып, тексеру. Тиімділік бақылауы тиісті іс-шаралардың іске асырылуы аяқталғаннан соң жүргізіледі, осылардан кейін салынған қаржыдан нәтиже көру мерзімі келеді;

4) нәтижелілік бақылауы - бюджеттік бағдарламаның паспорттыңда белгіленген күтіліп отырған нәтижелерге қол жеткізгендігін тексеру;

5) орындылық бақылауы - бюджеттік бағдарламаның паспорттыңда белгіленген мақсаттар мен индикаторларға қол жеткізгендігін тексеру;

6) негізділік (заңдылық) бақылауы - бюджеттік бағдарламаның паспорттыңда

көзделген іс-шараларды іске асыруға арналған бюджет қаражатының, байланысқан гранттардың, мемлекет кепілдік берген қарыздардың, мемлекет активтерінің пайдаланылуын тексеру.

#### 5. Бақылау түрлері:

1) кешенді бақылау - мемлекеттік қаржы бақылауы объектісінің нақты кезеңдегі қызметін барлық қаржы-шаруашылық мәселелері бойынша тексеру және бағалау.

Кешенді бақылау жүргізу кезінде Есеп комитеті республикалық бюджетке барлық салықтардың түрлері мен басқа да міндетті төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығы мәселелері бойынша бақылау объектісінің қызметін, сонымен бір мезгілде әкімшісі бақылау объектісі болып табылатын барлық республикалық бюджеттік бағдарламаларды тексереді;

2) тақырыптық бақылау - бақылау объектісінің нақты кезеңдегі қызметін жекелеген мәселелер бойынша тексеру және бағалау.

Есеп комитеті бақылау объектілері қызметтерінің бағыттары бойынша республикалық бюджетке түсетін салықтардың жекелеген түрлері мен басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуі әрі жекелеген бағдарламаларды іске асыруға бөлінген республикалық бюджет қаражатының мақсатты және тиімді жұмсалуды, байланысқан гранттарды, мемлекет активтерін, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекеттік мекемелердің иелігіндегі тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен ақшаны пайдалануы мәселелері жөнінде тақырыптық бақылау жүргізеді.

Бірыңғай басқару жүйесінің түрлі деңгейлеріндегі бірнеше объектіде бір мезгілде тақырыптық бақылау жүзеге асырылуы мүмкін;

3) үстеме бақылау - мемлекеттік қаржы бақылауы объектісіне қатысты ақпарат алу қажеттілігіне байланысты үшінші тұлғаларды бақылау, ол операциялардың бірдейлігіне қарай өзара байланысты құжаттарды салыстырып қарауды білдіреді. Үстеме бақылау тек қана бақылаудың негізгі объектісімен өзара қатынастар мәселелері бойынша және тексеріліп отырған мәселе шеңберінде жүргізіледі.

### 3. Бақылауды ұйымдастыру тәртібі

6. Бақылау жүргізу кезінде Есеп комитеті - жоғары қаржы бақылау органы ретінде мынадай қағидаттарды:

- 1) тәуелсіздік қағидатын;
- 2) объективтілік қағидатын;
- 3) анықтық қағидатын;
- 4) ашықтық қағидатын;

5) құзыреттілік қағидатын;

6) жариялылық қағидатын;

7) кәсіби этиканы сақтау қағидатын басшылыққа алады.

7. Бақылау республикалық бюджет қаражатының және мемлекет активтерінің пайдаланылуына, байланысқан гранттарды, мемлекет активтерін, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекеттік мекемелердің иелігіндегі тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен ақшаның пайдаланылуына, республикалық бюджетке түсімдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз етілуіне, республикалық бюджеттен түсімдер сомасының қайтарылуына, мемлекеттік және салалық (секторлық) бағдарламалардың іске асырылуына, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген өкілеттіктер шегінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуына жан-жақты жүйелі бақылауды қамтамасыз етудің қажеттілігіне сүйене отырып қалыптасатын Есеп комитетінің жылдық және тоқсандық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады. Жылдық және тоқсандық жұмыс жоспарлары Есеп комитетінің Регламентіне сәйкес әзірленіп, бекітіледі.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2008.01.10. N 1 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

8. Жоспардан тыс бақылау егер ол тақырыптық сипатта болса, Қазақстан Республикасы Президентінің бір жолғы тапсырмалары, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының сауалдары, сондай-ақ Есеп комитетінің қаулылары мен Есеп комитеті Төрағасының (бұдан әрі - Төраға) тапсырмалары негізінде жүзеге асырылады.

9. Бақылау жүргізу кезінде Есеп комитеті мәслихаттардың тексеру комиссиялары тарапынан, ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган тарапынан және ішкі бақылау қызметтері тарапынан Мемлекеттік қаржы бақылауы стандарттарының сақталуына бақылауды жүзеге асыра алады.

10. Бақылау жүргізу рәсімі: жоспарлау, бақылау, бақылау нәтижелері бойынша есеп дайындау, бақылау нәтижелері бойынша қабылданған Есеп комитетінің шешімдерін іске асыру сияқты төрт кезеңнен тұрады.

#### **4. Бақылауды жоспарлау тәртібі**

11. Жоспарлау бақылаудың бастапқы сатысы болып саналады, жоспарлау барысында тексеруге жататын бақылау объектісінің жұмыс істеу аспектілерін зерделеу, бақылаудың ауқымын, мерзімін, қажетті ресурстарын анықтау, жоспарын жасау және бағдарламасын әзірлеу арқылы бақылаудың ұтымды дайындығын қамтамасыз ету жүргізіледі.

12. Жоспарлау кезінде кешенділік, үздіксіздік, оңтайлылық және қаржылық бұрмалаушылық тәуекелдеріне бейімділік өлшемдерін басшылыққа алу қажет:

1) жоспарлау кешенділігі - бақылау объектісін бастапқы зерделеуден бастап, бақылау бағдарламасын жасағанға дейінгі жоспарлаудың барлық кезеңдерінің өзара байланыстылығы мен келісе жүргізілуі;

2) жоспарлаудың үздіксіздігі - бақылауды жүзеге асыратын Есеп комитеті аппаратының қызметкерлеріне, мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандарына және сарапшыларға (бұдан әрі - бақылау тобы) берілген тапсырмалардың кезеңдері мен мерзімдері бойынша өзара байланысты болуын белгілеу;

3) жоспарлау оңтайлылығы - бақылаудың түпкілікті мақсатына жету үшін ең аз шығын жұмсай отырып, бақылаудың ең ұтымды нұсқасын таңдау;

4) қаржылық бұрмалаушылық тәуекелдеріне бейімділік бұрынғы тексерулердің нәтижелеріне, қаржылық қызметінің сипатына, мемлекет активтерін, гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды басқаруы мен пайдаланылуына мониторинг жасау арқылы анықталады.

13. Бақылауды Есеп комитетінің осыны жүргізуге жауапты мүшесі жоспарлайды.

14. Жоспарлау өзара байланысқан үш кезеңнен тұрады: бақылау объектісін алдын-ала зерделеу, бақылау жоспарын жасау, бақылау бағдарламасын әзірлеу.

15. Бақылау объектісін алдын-ала зерделеу барысында жоспарланған бақылауды жүргізуге қажетті шынайы және толық ақпарат көздері анықталады.

Аталған кезеңде жоспарланған бағыт бойынша зерделеніп отырған объектіге бақылау бұрын жүргізілгенін немесе қазіргі уақытта жүргізіліп отырғанын анықтау, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесімен (ол қаншалықты дәрежеде болуы мүмкін заңсыздықтарды болдырмайды екен) танысу қажет.

Бұдан кейін жедел талдау жүргізіліп, бақылау ауқымы (толыққанды бақылау жүргізуге қажетті мерзімі, объектілер саны, еңбекті қаншалықты қажет ететіндігі және басқа да ресурстары) анықталады. Жоспарланып отырған бақылаудың ықтималды маңызды бағыттары, тәуекелдері мен мәселелері, тиісті нормативтік құқықтық актілердің тізбесі анықталады.

Бақылау объектісінің алдын-ала зерделенген деректері негізінде жоспар жасалып, бақылау бағдарламасы әзірленеді.

16. Бақылау жоспары бақылау объектісін алдын-ала зерттеу деректері негізінде әзірленіп, үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бақылау басталар жоспарланған күнге дейін Төрағаға бекітуге ұсынылады. Онда бақылау объектілері, тексерілетін мәселелер, олар бойынша республикалық бюджет кірістері мен шығыстарының сомалары, бақылау жүргізудің мерзімдері және қызметкерлерге деген қажеттілік көрсетіле отырып, негізгі ұйымдастырушылық мәселелер белгіленеді. Бақылау жоспары Төраға бекіткен нысан бойынша жасалады.

17. Бақылау жүргізудің ең ұзақ мерзімі бақылау мерзімін ұзарту жағдайларын қоспағанда, отыз күнтізбелік күнге дейін белгіленеді.

18. Бақылау жүргізудің мерзімі жұмыс көлемін (бақылау ауқымын), бақылау объектісі (объектілері) қызметінің сипатын, оның (олардың) аумақтық орналасуын, бақылау актісіне қол қоюға қажетті уақытты ескере отырып, айқындалады. Бақылау жүргізудің мерзімін, оның ішінде іссапар мерзімін айрықша жағдайларда және объективті себептер болған кезде бақылау жүргізуге жауапты Есеп комитеті мүшесінің жазбаша өтініші бойынша Төраға ұзартуы мүмкін.

19. Бақылау тобының саны және жеке құрамы Есеп комитеті мүшелерімен келісіле отырып, Есеп комитетінің аппарат басшысы (бұдан әрі - аппарат басшысы) бекіткен Есеп комитеті аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің тоқсан сайынғы жұмыс жоспарларында айқындалады. Қажет болған жағдайда, бірнеше объектіде бақылау жүргізген кезде Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылау тобының жетекшілерін белгілеуі мүмкін. Бұл туралы бақылау жоспарында жазба жасалады. Аппарат басшысы Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесімен келісе отырып, бақылау жоспарында бекітілген бақылау тобының саны негізінде топтың жеке құрамына түзету енгізе алады. Бақылау тобының құрамына Есеп комитетінің екі қызметкері, ал қажет болған жағдайда мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандары және сарапшылар енуі тиіс.

20. Бақылау жүргізу бойынша мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда Есеп комитетінің қызметкері бұл туралы Төрағаға немесе Есеп комитетінің бақылауды жүргізуге жауапты мүшесіне хабарлауы қажет.

21. Бақылау жүргізу барысында Төраға бақылау жоспарын Есеп комитетінің бақылау жүргізуге жауапты мүшесінің ұсынысы бойынша өзгертуі немесе толықтыруы мүмкін.

22. Бақылау бағдарламасы бақылау жоспарын дамыту үшін жасалады және жоспарды іс жүзінде іске асыруға қажетті іс-шаралардың егжей-тегжейлі сипаттамасын білдіреді. Бақылау бағдарламасы бақылау тобының басшылыққа алатын негізгі құжаты және оны Есеп комитетінің бақылау жүргізуге жауапты мүшесі бекітеді.

Бақылау бағдарламасында бақылауға болған негіз, бақылаудың мақсаты, мәні, бақылау объектісі, бақылау жүргізу мерзімі көрсетіледі.

23. Бақылау объектісіндегі жұмыс көлемін бақылау тобы айқын түсіну үшін бақылаудың мақсаты анық белгіленуі тиіс. Нақты жағдайларда салық түсімдері мен басқа да міндетті төлемдердің республикалық бюджетке толық және уақтылы түсуін анықтау, республикалық бюджеттен түсімдер сомасын қайтару, сондай-ақ республикалық бюджет қаражатының, мемлекет кепілдік берген

қарыздардың, мемлекеттің міндеттемелерін өтеуге республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың, гранттардың, мемлекет активтерінің, бюджеттік инвестициялардың мақсатты, негізді және тиімді пайдаланылуын тексеру бақылаудың мақсаты бола алады.

24. Бақылау мәні - тексерілуге жататын бақылау объектісі қызметінің бағыттары. Бюджеттік бағдарламалар, кіші бағдарламалар, бюджеттік жіктеменің спецификалары, мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламалар, байланысқан гранттардың, мемлекет активтерінің, мемлекет кепілдік берген қарыздардың, мемлекеттік мекемелердің иелігіндегі тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен ақшаның пайдаланылуы, бюджет қаражатын пайдалануға қатысты жекелеген мәселелер бақылау мәні ретінде қарастырылады.

25. Бақылау объектілері - мемлекеттік қаржы бақылауы объектілері - бюджет процесінің қатысушылары, мемлекет қатысатын субъектілер, бюджет қаражатын алушылар, байланысқан гранттарды, мемлекет активтерін, мемлекет кепілдік берген қарыздарды пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар.

26. Бақылау бағдарламасында тексерілетін мәселелердің тізбесі мен олардың қысқаша сипаттамасы, тексерілетін бағыттар бойынша ақпарат көздері келтіріледі.

27. Бақылау бағдарламасы Төраға бекіткен нысан бойынша жасалады.

28. Тиімділік бақылауын жоспарлау кезінде, сондай-ақ, егер бақылауды жүзеге асыру барысында бағдарламалардың тиімділігіне бағалау жүргізілетіні көзделсе, онда көрсетілген құрамдас бөліктерден басқа бақылаудың (бағалаудың) өлшемдері мен кіші өлшемдері және басқа да мәселелер көрсетіледі.

29. Қажет болған жағдайда, бақылау жүргізу барысында Есеп комитетінің мүшесі бақылау іс-шараларын жүзеге асыратын тексерушілердің ұсынысы бойынша бақылау бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

30. Есеп комитетінің бірнеше мүшесі қамтылған бақылауды дайындау кезінде бақылаудың ортақ келісілген бағдарламасы әзірленеді.

## **5. Бақылауды жүргізу тәртібі**

31. Бақылау жоспары мен бағдарламасы негізінде Төраға немесе Есеп комитетінің мүшесі қол қойған тиісті тапсырманың (бұдан әрі - Тапсырма) болуы бақылау жүргізу үшін міндетті шарт болып табылады.

32. Тапсырма бақылау жүргізуге құқық беретін ресми құжат болып табылады.

Тапсырма мемлекеттік рәміздері бар, нысанын Төраға бекіткен қатаң есептеме бланкісіне ресімделеді.

Тапсырмада мыналар көрсетіледі:

- 1) нөмірі мен берілген күні;
- 2) бақылау жүргізуге құқықтық негіздер;

3) бақылауды жүргізу тапсырылған адамның (адамдардың) аты-жөні мен лауазымы ;

4) бақылау объектісінің атауы, орналасқан жері, салық төлеушінің тіркеу нөмірі ;

5) бақылау мәні ;

6) бақылаудың басталатын және аяқталатын күні;

7) бақылаудың қамтитын кезеңі;

8) бақылау жүргізуді белгілеген Есеп комитеті мүшесінің немесе Төрағаның қолы, Есеп комитетінің елтаңбалық мөрі;

9) тексерудің бастапқы белгіленген мерзімі асып кеткен жағдайда Төраға қол қойып, күні көрсетілген бақылау мерзімінің ұзартылуы туралы белгі.

Әрбір бақылау объектісіне жеке Тапсырма ресімделеді. Тапсырмалар оларды есепке алатын жеке журналда тіркеледі.

33. Бақылау жүргізу туралы тапсырмалар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті мен оның аумақтың органдарында міндетті түрде тіркелуге, ал кейіннен ол жерден есептен алынуға жатады.

34. Бақылауды жүргізудің алдында Есеп комитетінің оны жүргізуге жауапты мүшесі әдетте, бақылау объектісінің уәкілетті лауазымды адамдарына бақылау іс-шараларын жүзеге асыратын тексерушілерді таныстырып, бақылауды жүргізуге байланысты ұйымдастырушылық-техникалық мәселелерді шешеді.

Бұл ретте бақылау объектісі басшысына мыналар көрсетіледі:

1) Тапсырма ;

2) қызметтік куәлік ;

3) қажет болған жағдайда, құзыретті органның режимдік объектілерде болуға рұқсаты.

35. Бақылауды Тапсырмада көрсетілген қызметкерлер жүргізеді.

36. Бақылау объектісінің лауазымды тұлғасына тапсырма көрсетілген (тапсырылған) сәттен бастап бақылау жүргізу басталған болып табылады.

37. Есеп комитетінің қызметкерлері бақылау жүргізуді бақылау объектісінің жұмыс режимі мен күн тәртібіне сәйкес жүргізеді.

38. Режимдік мекемелерде бақылау жүргізуге байланысты құпия материалдарды зерделеу мен талдау Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

39. Тапсырмада көрсетілген Есеп комитетінің қызметкерлері бақылау жүргізген кезде :

1) осы Ереженің 34-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсете отырып, бақылау объектісінің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге;



2) бақылау нәтижелері жөніндегі актіге (бұдан әрі - бақылау актісі) қосу үшін қағаз және электронды жеткізушілер түріндегі құжаттарды (мәліметтер) не тиісті түрде расталған көшірмелерді алуға, сондай-ақ бақылау міндеттері мен мәніне сәйкес автоматтандырылған деректер базасына (ақпараттық жүйелерге) кіруге құқығы бар.

40. Есеп комитетінің қызметкерлері бақылау жүргізген кезде:

1) оны осы Ереже мен Стандарттардың негізінде және ондағы белгіленген тәртіпке қатаң сәйкес жүргізеді;

2) Қазақстан Республикасының заңдарын, бақылау объектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтайды;

3) бақылау жүргізу кезінде бақылау объектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі жасайды;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуын болдырмау, анықтау және жолын кесу жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген өкілеттіктерін уақтылы және толықтай орындайды;

5) бақылау объектісінің басшысына (лауазымды тұлғаларына) бақылау жүргізу кезінде болуға, бақылау мәніне жататын мәселелер бойынша түсініктер беруге кедергі жасайды;

6) бақылау нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етеді;

7) бақылау объектісінің басшысына (лауазымды тұлғаларына) бақылау актісін тексеру аяқталған күні тапсырады.

41. Бақылауды жүзеге асыратын Есеп комитетінің қызметкерлері бақылау объектісінің лауазымды тұлғаларына қандай да болмасын талаптар қоюға және бақылау мәніне жатпайтын өтініштермен жүгінуге құқықтары жоқ.

42. Бақылау объектісінің басшысы:

1) бақылаудың мақсатымен, ұзақтығымен және оның нәтижелерімен таныса алады;

2) бақылау мәніне жатпайтын мәліметтерді бермейді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бақылау актісіне және Есеп комитеті қызметкерлерінің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасай алады;

4) осы Ереженің 34-тармағының талаптарын сақтай отырып, объектінің аумағы мен үй-жайларына Есеп комитеті қызметкерлерінің кедергісіз кіруін қамтамасыз етеді;

5) Есеп комитетінің қызметкерлерін жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді;

6) Есеп комитетінің қызметкерлерін белгіленген тәртіппен бақылау жүргізуге қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді және ақпараттың шынайылығына,

объективтілігіне және толымдылығына жеке жауап береді, сондай-ақ бақылаудың міндеттері мен мәніне сәйкес автоматтандырылған деректер базасына (ақпараттық жүйелерге) кедергісіз кіргізеді;

7) Есеп комитеті қызметкерлерінің жұмысына араласпайды, бақылаудың жүргізілуіне кедергі жасамайды және бақылау ауқымын шектемейді;

8) жүргізілген бақылау нәтижелерімен таныс болу үшін бақылау актісі ұсынылған күннен бастап үш күн ішінде бақылау актісіне белгіленген тәртіппен қол қояды.

43. Егер Тапсырма ұсынылғаннан кейін бақылау объектісінің басшысы немесе лауазымды тұлғасы бақылау объектісіне кіргізуден немесе бақылау жүргізуге қажетті ақпаратты беруден бас тартса, онда Есеп комитетінің қызметкерлері әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырып, оны уәкілетті мемлекеттік органға заңнамада белгіленген тәртіппен жолдайды.

Хаттамаға бақылауды жүргізген қызметкер мен бақылау объектісінің лауазымды тұлғасы қол қояды. Бақылау объектісінің лауазымды тұлғасы қол қоюдан бас тарту себебі туралы жазбаша негіздеме ұсына отырып, хаттамаға қол қоюдан бас тарта алады. Тапсырманы алудан бас тарту бақылау жүргізуді болдырмауға негіз бола алмайды.

44. Бақылаудың жүргізілуі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау объектісінің қызметін тоқтатпауы тиіс.

45. Бақылау барысында бақылау бағдарламасында қамтылмаған, бірақ бақылау мән-жайын толық зерделеуге қажетті мәселелер туындаған жағдайда бақылау объектісі аталған материалдарды Есеп комитетінің бақылау объектісіне тексеру жүргізуге жауапты мүшесінің сұрау салуы негізінде оның белгілеген нысаны бойынша ұсынуы тиіс.

46. Егер бақылау барысында бақылау объектісінің үшінші тұлғалармен есеп айырысулары мен қаржы операцияларының шынайылығын тексеру мүмкін болмағанда, сондай-ақ көрсетілген қызметтер мен жұмыстарды төлеудің дұрыстығы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуы, әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігі күдік туғызса, онда қарсы бақылау жүргізіледі. Әрбір объектіге қарсы бақылау жүргізу үшін осы Ереженің 33-тармағында көрсетілген рәсімдерге сәйкес Есеп комитетінің бақылау жүргізуге жауапты мүшесі қол қойған жеке Тапсырма ресімделеді. Қарсы бақылау жүргізу үшін берілген Тапсырмаға негізгі объектіде бақылау жүргізуге арналған Тапсырма нөмірі және бөлшек арқылы оның реттік нөмірі беріледі.

*Ескерту. 46-тармаққа өзгерту енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2008.01.10. N 1 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

47. Бақылау мерзімін ұзартудың қажеттілігіне объективті себептер болған жағдайда Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі жазбаша негіздеме дайындайды және оны Төрағаның қарауына ұсынады. Бақылау жүргізу мерзімін ұзарту туралы мәселе оң шешілген жағдайда Төраға тапсырманың тиісті бағанына ұзарту мерзімін көрсете отырып, қол қояды.

48. Бақылау нәтижелері әрбір тексерілген объекті бойынша бақылау актісімен ресімделуі қажет.

49. Есеп комитеті жүргізіп отырған бақылаудың шеңберінде бұрын басқа мемлекеттік қаржы бақылау органдары тексеру жүргізген бақылау объектілерінде осы Ережеде көзделген қағидаларды сақтай отырып, бақылау объектісінің қызметіне қайта тексеру жүргізе алады.

Бақылау объектісі басшысының жазбаша өтініші негізінде Төраға осы тексеруге негіз болған себептерді көрсетіп әрі Ережені сақтай отырып, қайталама тексеруді және қайта тексеруді белгілейді.

50. Бақылау актісінің құрылымы мен нысанын Төраға бекітеді және осы құжаттар бақылау объектісі қызметінің барлық мәселелеріне бақылаудың толық болуын, бақылау актілерінде баяндалған мәліметтердің шынайылығы мен объективтілігін қамтамасыз етуге тиіс.

51. Актінің бірінші парағы Есеп комитетінің рәміздері бар қатаң есептілік бланкісіне, ал қалған парақтар сәуле белгісі түрінде орындалған "ЕСЕП КОМИТЕТІ" немесе "СЧЕТНЫЙ КОМИТЕТ" деген сөздермен парақтың диагоналі бойынша ресімделеді.

52. Бақылау актісінде мыналар көрсетілуі тиіс:

- 1) актінің толтырылған күні мен орны;
- 2) бақылаудың түрі;
- 3) Тапсырманың күні мен нөмірі;
- 4) бақылауды жүргізуге тартылған Есеп комитеті аппараты қызметкерлерінің, мемлекеттік органдар мен аудиторлық ұйымдар мамандарының және сарапшылардың тегі, аты-жөні, лауазымы;
- 5) бақылау объектісінің толық атауы, мемлекеттік тіркеу туралы деректер, банк және салық деректемелері;
- 6) бақылаудың мақсаты, мән-жайы, бақылаумен қамтылған кезең;
- 7) бақылаудың жүргізілу кезеңі;
- 8) осыларды хабардар ете отырып бақылау жүзеге асырылған бақылау объектісінің лауазымды тұлғаларының аты-жөні, сондай-ақ олардың жұмыс істеген кезеңі;

9) өткен бақылаудың нәтижелері (тек тексеріліп отырған мәселелер бойынша), бұрындары анықталған заң бұзушылықтарды жою бойынша бақылау объектісінің қабылдаған шаралары туралы мәліметтер;

10) осы бақылаудың нәтижелері туралы мәліметтер, оның ішінде заң бұзу фактілерін және олардың сипаты туралы баяндау;

11) бақылау барысында анықталған заң бұзушылықтарды жою жөніндегі ақпарат, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру фактілері;

12) бақылау объектісі лауазымды тұлғаларының актімен танысқаны немесе танысудан бас тартуы туралы немесе қол қоюдан бас тартуы туралы мәліметтер;

13) бақылауды жүргізген Есеп комитеті қызметкерлерінің және бақылау объектісі лауазымды тұлғаларының қолы.

53. Анықталған заң бұзушылықтар актідегі жазбалардың шынайылығын растайтын құжаттар түпнұсқаларының деректемелеріне, сондай-ақ ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің нақты баптарына, тармақтарына және тармақшаларына қажетті сілтемелер жасала отырып, объективті және дәл сипатталуы қажет.

54. Бақылау актісіне заң бұзу фактілерін көрсететін әрі актінің ажырамас бөлігі болып табылатын құжаттардың тиісті түрде расталған көшірмелері, анықтамалар, диаграммалар, фотосуреттер, сондай-ақ осыған қатысы бар лауазымды тұлғалардың функционалдық және лауазымдық міндеттерінен туындайтын жазбаша түсініктемелері қоса беріледі. Сондай-ақ актіге, егер бар болса, жүргізілген зерттеулер (зерттеу) мен сараптамалардың актілері (хаттамалары, қорытындылары) және тексеру нәтижелеріне байланысты басқа құжаттар немесе олардың көшірмелері қоса беріледі. Бақылау актісіне қоса берілетін құжаттардың көшірмелеріне уәкілетті лауазымды тұлғалар қол қойып, бақылау объектісінің мөрімен расталады. Бақылау актісіндегі қосымшаларға міндетті түрде сілтеме жасалу тиіс.

Құжаттарды жалғандау, бұрмалау, ұрлау және теріс пайдалану фактілері анықталған жағдайда тиісті құжаттардың, файлдардың түпнұсқалары, компьютерлер алып қойылады, кассалар мен кассалық үй-жайлар, қоймалар, мұрағаттар және басқа да тиісті үй-жайларға мөр басылады. Бұл ретте алынып қойылған құжаттардың көшірмелерін бақылау объектілерінде қалдыра отырып, үш данадан акті толтырылады. Алынып қойылған құжаттар бірінші данаға қоса беріледі.

55. Бақылау объектісінде заң бұзушылықтар болмаған жағдайда бақылау актісінде бақылау нәтижелері жоспарға, бақылау бағдарламасына, Мемлекеттік қаржы бақылауы стандарттарына қатаң сәйкес көрсетілуі қажет.

56. Бақылау актісі екі данада жасалып, бақылауды жүзеге асыратын Есеп комитетінің қызметкерлері, мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың

мамандары және сарапшылар қол қойғаннан кейін бақылау объектісінің басшысына танысып, қол қоюы үшін міндетті түрде бақылау объектісінің кіріс хат-хабарларын есепке алу жүйесінде тіркеле отырып, ұсынылады.

57. Бақылау объектісінің лауазымды тұлғалары үш күнтізбелік күн ішінде бақылау актісімен танысып, оған қол қояды. Есеп комитетінің қызметкері мен бақылау объектісінің лауазымды тұлғасы бақылау актісінің барлық беттеріне қол қояды.

58. Қол қойылған бақылау актісінің бірінші данасы қосымшаларының көшірмелерімен бірге Есеп комитетінің кеңсесіне, ал екінші данасы анықталған заң бұзушылықтарды жою бойынша шаралар және басқа да іс-әрекеттер қабылдау үшін бақылау объектісінің басшысына тапсырылады.

59. Лауазымды тұлғалар бақылау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, оларға актіге өздерінің қарсылықтары мен түсініктемелерін жазбаша көрсете отырып, қол қою ұсынылады. Бақылау актісіне жазбаша түрде берілген қарсылықтар мен түсініктемелер акті таныстыруға ұсынылғаннан кейін он күннің ішінде Есеп комитетіне жіберіледі. Бақылау объектісінің жазбаша қарсылықтары бақылау актісінің ажырамас бөлігі болып табылады.

60. Бақылау объектісінің лауазымды тұлғасы бақылау актісіне қол қоюдан бас тарту себептеріне түсінік берместен әрі негіздемесіз қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Есеп комитетінің қызметкері мынадай белгі қояды: "Лауазымды тұлға (оның лауазымы, аты-жөні көрсетіледі) қол қоюдан бас тарту себептеріне түсінік берместен және/немесе негіздемесіз қол қоюдан бас тартты".

61. Бақылау актісіне қол қойылған күн бақылау мерзімінің аяқталуы болып есептеледі.

62. Белгіленген тәртіппен ресімделген бақылау актілері Қорытындыны дайындауға негіз болады.

63. Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі қажет болған жағдайда Төрағаға бақылауға қатысқан аппарат қызметкерлерінің, мемлекеттік органдар мен аудиторлық ұйымдар мамандарының және сарапшылардың бақылауды жүргізу барысында өздерінің қызметтік міндеттерін атқармағаны және еңбек тәртібін бұзу фактілері туралы жазбаша түрде хабарлайды.

## **6. Бақылау нәтижелері бойынша есепті жасау және шешімдерді қабылдау тәртібі**

64. Жүргізілген бақылаудың нәтижелері бойынша Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылауды жүзеге асыратын аппарат қызметкерлерінің қатысуымен екі апта мерзім ішінде Қорытындыны дайындап,

о н ы

Т ө р а ғ а ғ а

ұ с ы н а д ы .

*Ескерту. 64-тармаққа өзгерту енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2008.01.10. N 1 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

65. Қорытынды - бақылау актілерінің негізінде толтырылатын Есеп комитетінің құжаты. Қорытындыда барлық анықталған заң бұзу фактілері, оларды жою, нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру және республикалық бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар жинақталады. Қорытынды кіріспе, негізгі және жиынтық сияқты бөлімдерден тұрады.

*Ескерту. 65-тармаққа өзгерту енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2008.01.10. N 1 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

66. Қорытындының кіріспе бөлімі бақылауға болған негізді, бақылаудың мақсатын, мән-жайын және объектілерін, тексерілетін кезеңді, бақылау жүргізу мерзімін, бақылау тобы туралы жалпы мәліметтерді сипаттайды.

"Бақылауға болған негіз" деген бөлімде Есеп комитеті жұмыс жоспарының тармағына және бақылау осыған сәйкес жүзеге асырылған бақылау бағдарламасына, сондай-ақ Тапсырманың деректемелеріне сілтеме жасалады.

"Бақылаудың мақсаты", "Бақылаудың мән-жайы", "Бақылау объектісі", "Тексерілетін кезең", "Бақылау жүргізу мерзімі", "Бақылау тобы туралы жалпы мәліметтер" деген бөлімдердің мазмұны Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бекіткен бақылау бағдарламаларының тақылеттес тармақтарына сәйкес ресімделді.

"Бақылау нәтижелері бойынша жасалған актілер" деген бөлімде объектілер бойынша және бақылау бағыттары бойынша жасалған актілердің тізбесі, сондай-ақ талдау жазбасы немесе бақылау процесінде жиналған талдау материалдарының көздері келтіріледі.

"Мемлекеттік органдар және ішкі бақылау қызметтері жүзеге асырған бұрынғы тексеру нәтижелері" деген бөлімде бұрынғы бақылау іс-шаралары барысында анықталған заң бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы ақпарат қамтылады.

*Ескерту. 66-тармаққа өзгерту енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2008.01.10. N 1 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

67. Қорытындының талдау бөлімі саланың жай-күйінің, іске асырылуына бақылау объектісі (мемлекеттік орган) жауап беретін мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламалардың талдау нәтижелерін қамтиды.

Мемлекеттің функциялары мен міндеттерін іске асыру үшін мемлекеттік органға және басқа да ұйымдарға бөлінген республикалық бюджет қаражатының

пайдаланылуын талдау нәтижелері 3 жылдан бастап 5 жылға дейінгі кезеңде көрсетіледі. Бұл ретте талдауды ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша, даму бағдарламалары бойынша және тұтастай алғанда бақылау объектісі бойынша жүргізген жөн, сондай-ақ бюджеттік бағдарламаларды іске асыру процесінде және мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметі процесінде қандай нәтижелер алынғанын көрсеткен орынды.

Салық, салықтан тыс түсімдер немесе бюджетке төленетін басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өніміндегі әрі республикалық және мемлекеттік бюджеттердің жалпы кіріс көлеміндегі үлесі көрсетіле отырып, 3 жылдан бастап 5 жылға дейінгі кезеңде талданады.

Мемлекет активтерінің пайдаланылуын талдау кезінде акционерлік қоғамның жалпы сипаттамасы, оның негізгі функциялары, жарғылық қорын құруға немесе толықтыруға бөлінген бюджет шығыстары, бөлінген бюджет кредиттерінің мөлшері, олардың бюджетке қайтарылуы көрсетіледі.

Бақылаудың нәтижелері жүйеге келтіріліп, мынадай бөлімдерді қамтиды:

1) мемлекеттік, салалық және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың қызметін, бюджетке қаражаттың толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік, салалық бағдарламаларды, бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға немесе жекелеген әлеуметтік және экономикалық міндеттерді шешуге бағытталған Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы министрліктерінің, агенттіктерінің, басқа да мемлекеттік органдардың қызметі;

3) ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша бақылаудың нәтижелері;

4) бюджеттік даму бағдарламалары бойынша бақылаудың нәтижелері;

5) мемлекет активтерінің пайдаланылуын бақылаудың нәтижелері.

Сондай-ақ Қорытындының талдау бөлімінде қаржы активтерін сатып алу бойынша және оларды сатудан бюджетке түскен қаражат бойынша бақылаудың нәтижелері бөлек көрсетіледі.

*Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2008.01.10. N 1 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

68. Жекелеген заң бұзушылықтарды әлдеқайда толығырақ ашу үшін талдамалық бөлім қосымшалармен толықтырылуы мүмкін. Қосымшалар Қорытындының негізгі мәтінімен бірге біртұтас бүтінді құрайды.

69. Қорытындының жиынтық бөлімі "Бақылау барысында қабылданған шаралар", "Бақылаудың нәтижелері бойынша қорытындылар", "Бақылаудың нәтижелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар" сияқты бөлімдерден тұрады.

"Бақылау барысында қабылданған шаралар" деген бөлім қосымша есептелген салықтар, айыппұлдар, өсімақылар туралы, бюджет қаражатының қалпына

келтірілгені туралы, заң бұзушылықтарға орын берген бақылау объектісінің лауазымды адамына қолданылған тәртіптік жазалау шаралары туралы ақпаратты қ а м т у ы қ а ж е т .

"Бақылаудың нәтижелері бойынша қорытындылар" деген бөлім мемлекеттік, салалық және бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың, бюджетке кірістердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету бойынша, сондай-ақ бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің ұтымды және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдар (бюджеттік бағдарламалар әкімшілері) қызметінің тиімділігіне берілген жалпы бағалауды қамтуы қажет. Қажет болған жағдайда, бюджет қаражатының мақсатына сай емес, тиімсіз және негізсіз пайдаланылғанын көрсете отырып, бақылау жүргізу барысында анықталған заң бұзушылықтар туралы жалпы мәліметті көрсеткен жөн.

"Бақылаудың нәтижелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар" деген бөлімде Есеп комитетінің бақылау жүргізуге жауапты мүшесінің Есеп комитетінің отырысында бақылаудың нәтижелерін қарау не Есеп комитетінің бақылау нәтижелері жөніндегі ұсынымын жіберу мүмкіншілігін көздейтін пікірі к ө р с е т і л е д і .

Сондай-ақ аталған бөлімде нормативтік құқықтық базаны, бюджет қаражатының жоспарлау, пайдалану рәсімдерін жетілдіру жөнінде ҚР Үкіметіне, мемлекеттік уәкілетті органдарға, сондай-ақ бақылау жүргізу барысында анықталған заң бұзушылықтарды жою жөнінде бақылау объектілеріне арналған ұ с ы н ы с т а р к е л т і р і л е д і .

*Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2008.01.10. N 1 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

70. Қорытындының мазмұны жағынан жақын бөлімдері қажет болған жағдайда біріктірілуі немесе кіші бөлімдерге бөлінуі мүмкін.

71. Қорытынды Есеп комитетінің қаулысы (бұдан әрі - Қаулы) жобасын дайындау үшін негіз болып табылады.

Қаулы Есеп комитетінің отырысындағы талқылаудың нәтижелері бойынша алқалы негізде қабылданатын және бақылаудың нәтижелері бойынша оның барлық басқа актілерінің қолданысын растайтын құжат болып табылады. Қаулы Есеп комитеті туралы ережеге және оның Регламентіне сәйкес қабылданады.

Қаулы белгілеуші және қаулы шығарушы бөліктерден тұрады.

72. Қорытынды және Есеп комитеті Қаулысының жобалары Есеп комитетінің Заң қызметімен олардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келу мәніне келісіледі.

73. Қаулының белгілеуші бөлігі оны қабылдауға болған негізді, бақылау объектісінің республикалық бюджетті орындау, мемлекет активтерін, гранттарды



, мемлекет кепілдік берген қарыздарды тиімді пайдалану бөлігінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтауы туралы жалпы мәліметтерді және анықталған заң бұзушылықтардың қысқаша сипаттамасын қамтиды.

74. Қаулының қаулы шығарушы бөлігі мыналарды қамтиды:

1) Есеп комитеті мүшесінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне және бақылау объектілеріне нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру , Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне анықталған заң бұзушылықтарды жою, заң бұзуға жол берген лауазымды тұлғаларды жауаптылыққа тарту жөніндегі ұсынымдарды;

2) бақылау объектісінің және тиісті лауазымды тұлғалардың анықталған заң бұзушылықтар мен кемшіліктерді жоюы жөніндегі атқаруға міндетті тапсырмаларды ;

3) лауазымды тұлғалардың, бақылау объектілерінің республикалық бюджет қаражатын пайдаланудағы іс-әрекетінде құқық бұзу белгілері және Қазақстан Республикасы заңдарының өзге де заң бұзу фактілері анықталған жағдайда қаулы шығарушы бөлікке құқық қорғау органдарына және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайтын уәкілетті органдарға бақылау материалдарын тапсыру туралы тармақтар енгізілуі мүмкін;

4) Қаулының орындалуын бақылау жүктелген Есеп комитеті мүшесінің аты - ж ө н і н қ а м т и д ы .

*Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2008.01.10. N 1 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

75. Жүргізілген бақылау нәтижелері бойынша Қаулыны Есеп комитетінің отырысында қарау және қабылдау талап етілмейтін жағдайларда Төрағаның шешімі бойынша Есеп комитетінің ұсынымы (бұдан әрі - Ұсыным) дайындалады. Есеп комитетінің бақылау жүргізуге жауапты мүшесі аппараттың бақылауды жүзеге асырушы қызметкерлерінің қатысуымен Ұсыным дайындайды, анықталған заң бұзушылықтардың тізілімін ресімдейді және оларды Төраға қарап, қол қоюы үшін ұсынады.

Ұсыным - Төрағаның нұсқауы бойынша бес күн ішінде Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мемлекеттік органдарға, ұйымдар мен лауазымды адамдарға жұмыстағы кемшіліктерді жою үшін, сондай-ақ құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту мәселелері бойынша жіберетін қ ұ ж а т ы .

Ұсынымда бақылау нәтижесінде анықталған заң бұзушылықтар мен

кемшіліктер, оларды жою және осыған жол берген лауазымды тұлғаларды жауаптылыққа тарту жөніндегі талаптар баяндалады.

Ұсыным осы Ереженің 73 және 74-тармақтарына сай қаулыны толтыруға қойылатын нысандар бойынша толтырылады.

*Ескерту. 75-тармаққа өзгерту енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2008.01.10. N 1 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

75-1. Анықталған заң бұзушылықтар тізілімі Қаулыға немесе ұсынымға қол қойылғаннан кейін толтырылады.

*Ескерту. 75-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2008.01.10. N 1 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

76. Бақылау нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, Есеп комитетінің Web-сайтында орналастыру Есеп комитетінің Регламентіне сәйкес жүргізіледі.

#### **6-1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуына бақылау жасау**

*Ескерту. 6-1-бөліммен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2008.01.10. N 1 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

76-1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды Есеп комитеті мемлекеттік, салалық және бюджеттік бағдарламаларға, мемлекет активтерінің пайдаланылуына бақылау жүргізген кезде жүзеге асырады.

76-2. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылау объектілеріне мыналар жатады:

1) тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, конкурстық комиссия, сараптамалық комиссия, сарапшы;

2) әлеуетті өнім беруші, конкурсқа қатысушы, өнім беруші, сондай-ақ олар жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлер не қызметтерді көрсету үшін бірлескен атқарушылар ретінде тарататын тұлғалар;

3) ұйымдастырылған электрондық сауда-саттықта мемлекеттік сатып алуға қатысушы тұлғалар;

4) мемлекеттік сатып алуға ашық тауар биржалары арқылы қатысатын тұлғалар.

76-3. Бақылау объектілеріне қатысты жоспарлы тексерулер күнтізбелік жыл ішінде бір реттен артық жүзеге асырылмайды.

76-4. Есеп комитеті бақылау іс-шараларын жүргізу нәтижесінде тиісті

бақылау объектілерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзғанын анықтаған жағдайда мынадай шаралар қолданады:

- 1) бақылау объектісіне Қаулы немесе ұсыным жібереді;
- 2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұза отырып жасалған, күшіне енген мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жарамсыз деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгіну жөнінде шаралар қабылдау үшін мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті органға Қаулы немесе ұсыным жібереді.

76-5. Бақылау іс-шараларын жүргізу нәтижесінде бақылау объектісінің қылмыс құрамы белгілері бар іс-әрекетті (әрекетсіздікті) жасасу фактісі анықталған жағдайда, Есеп комитеті осындай факті анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аталған іс-әрекеттің (әрекетсіздіктің) жасалғаны туралы ақпаратты және осындай фактіні растайтын құжаттарды құқық қорғау органдарына береді.

## **7. Мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандарын және сарапшыларды бақылау жүргізуге тартудың тәртібі**

77. Есеп комитеті өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында мемлекеттік органдар мен мекемелердің, ал қажет болған жағдайда аудиторлық ұйымдардың мамандарын және сарапшыларды өзінің құзыреті шегінде тарта алады.

78. Мемлекеттік органдар мен мекемелердің, аудиторлық ұйымдардың мамандарын және сарапшыларды тартудың мақсаты тиісті сирек мамандандырылған мәселелер бойынша арнайы білімдерді пайдалану жолымен сапалы бақылаудың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету және тәуелсіз сараптаманы жүргізу болып табылады.

79. Мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандарын және сарапшыларды тартудың қажеттілігі жылдық жоспарды жасау кезінде белгіленеді және бақылау басталардан екі ай бұрын Есеп комитетінің тоқсандық жоспарын дайындау кезінде нақтыланады.

80. Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесінің жоспарланған бақылаудың мән-жайын, саны мен мамандардың біліктілігін, бақылаудың өткізілу мерзімі мен кезеңін көрсете отырып, мемлекеттік органдардың басшыларына жіберген хаты негізінде мемлекеттік органдардың мамандары бақылауға тартылады.

81. Аудиторлық ұйымдардың мамандарын және сарапшыларды тартудың қажеттілігін Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесінің жазбаша өтінімі негізінде Төраға белгілейді. Жоспарланып отырған бақылауға жүргізілген талдаудың негізінде өтінімде аудиторлық ұйымдардың мамандарын және

сарапшыларды тартудың негіздемесі, олардың саны, оларға қойылатын біліктілік талаптары, олардың жұмыс істеу мерзімі мен кезеңі беріледі.

82. Айрықша жағдайларда, бақылау жоспары бекітілгеннен кейін аудиторлық ұйымдар мамандарының және сарапшылардың қызметіне қажеттілік туындаған жағдайда Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесінің ұсынысы бойынша оларды жұмысқа тарту туралы шешімді Төраға қабылдауы мүмкін.

83. Есеп комитеті мүшелерінің жазбаша өтінімдері негізінде, бөлінген сомалардың лимиттеріне сүйене отырып, аудиторлық ұйымдардың мамандарын және сарапшыларды тартудың жиынтық өтінімі жасалып, Есеп комитетінің жылдық және тоқсандық жұмыс жоспарларын талқылау және бекіту кезіндегі Есеп комитетінің отырысына енгізіледі.

84. Есеп комитетінің жылдық және тоқсандық жұмыс жоспарлары бекітілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тиісті шарттар жасала отырып, аудиторлық ұйымдардың тиісті мамандарының және сарапшылардың қызметін сатып алу жөнінде конкурс өткізіледі.

85. Есеп комитетінің бақылау жүргізуге жауапты мүшесі аудиторлық ұйымдармен және сарапшылармен тиісті шарт жасасқаннан кейін осы Ережеге сәйкес аудиторлық ұйымдардың мамандарына және сарапшыларға тиісті басшылықты қамтамасыз етеді.

86. Бақылаудың немесе сараптаманың нәтижелері бойынша аудиторлық ұйымдардың мамандары және сарапшылар есеп (акті, қорытынды) жасап, оны Есеп комитетінің бақылау жүргізуге жауапты мүшесіне ұсынады және бұл орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін толтыруға негіз болады. Аудиторлық ұйымдар мамандарының және сарапшылардың қызметіне ақы төлеу шарты тиісті шарттарда осы мақсаттарға республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың шегінде көрсетіледі.

## **8. Бақылау объектісінің лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тартудың тәртібі**

87. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің (бұдан әрі - ҚР ӘҚБҚо) 177 - 177-4-бабында көзделген істер бойынша әкімшілік хаттамалар бақылау аяқталысымен, әкімшілік іс қозғау туралы шешім қабылданып, Есеп комитетінің қаулысы қабылданғаннан кейін толтырылады.

88. ҚР ӘҚБҚо 356-бабында көзделген істер бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларды Есеп комитетінің уәкілетті қызметкері әкімшілік құқық бұзу фактісін тікелей анықтаған жағдайда толтырады.

89. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы толтырылған хаттамалар жөніндегі ақпарат Есеп комитетінің бақылау жүргізуге жауапты мүшесіне және Төрағаға ұсынылады.

90. Егер әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайын, іс қозғалып жатқан жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның және лауазымды тұлғаның жеке басын қосымша анықтау қажет болған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама құқық бұзушылық анықталған сәттен бастап үш тәуліктің ішінде толтырылады.

91. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша құжаттар Төрағаның бұйрығымен бекітілген нысандарға сәйкес толтырылады.

## **9. Құқық қорғау органдарына және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға материалдарды тапсыру тәртібі**

92. Мемлекеттік қаржы ресурстарын пайдалануда құқық бұзу белгілері анықталған жағдайда бақылау нәтижелері жөніндегі тиісті материалдар Қаулыға қол қойылғаннан кейін жеті күнтізбелік күннің ішінде құқық қорғау органдарына және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға олар бойынша іс жүргізу шешімін қабылдау үшін жолданады.

93. Құқық қорғау органдарына, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға және мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті органға жолданатын хатта анықталған заң бұзушылықтардың қалайша жасалғаны нақты сипаттала отырып көрсетіледі және мыналар қоса беріледі:

- 1) белгіленген тәртіппен ресімделген бақылау актілері;
- 2) анықталған фактілерге жататын құжаттардың (банкілердің есеп-шоттары, ведомостары, ордерлері, төлем тапсырмалары, чектер, тапсырма құжаттар, актілер, бұйрықтар және өзге де құжаттар) бақылау материалдарына қосылған түпнұсқалары немесе расталған көшірмелері, лауазымды тұлғалардың жазбаша түсініктемелері және қарсылықтары, сараптаманың қорытындысы.

*Ескерту. 93-тармаққа өзгерту енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2008.01.10. N 1 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

94. Есеп комитетінің бақылау жүргізуге жауапты мүшесі Қаулы мен Ұсынымның орындалуы туралы есепті дайындау кезінде тапсырылған материалдар бойынша құқық қорғау органдарының, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың және мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті органның қабылдаған шешімдері туралы Төрағаға х а б а р л а й д ы .

*Ескерту. 94-тармаққа өзгерту енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2008.01.10. N 1 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

95. Есеп комитеті құқық қорғау органдарымен және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдармен тиісті құқық қорғау

органына тапсырылған бақылау материалдарының қозғалысы туралы осы рәсімдерді реттейтін бірлесіп қабылдаған бұйрықтардың негізінде салыстырып тексереді.

#### **10. Бақылау нәтижелерін іске асырудың тәртібі**

96. Қаулылар мен Ұсынымдардың орындалуын бақылауды Есеп комитетінің мүшесі және осы іс-шараға жетекшілік жасайтын аппарат қызметкері жүзеге асырады.

97. Қаулыға немесе Ұсынымға қол қойылғаннан кейін Аппарат басшысы екі жұмыс күні ішінде Қаулы мен Ұсынымда белгіленген шараларды қабылдау үшін тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға оның жіберілуін қамтамасыз етеді.

98. Мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жіберілген анықталған заң бұзушылықтарды жою, мемлекетке келтірілген залалдың орнын толтыру және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға кінәлі лауазымды тұлғаларды жауаптылыққа тарту жөніндегі Қаулылар мен Ұсынымдар ондағы көрсетілген мерзімде қаралуы тиіс.

99. Есеп комитетінің жауапты мүшесі Есеп комитетінің қаулысында белгіленген атқарылу мерзімі аяқталғаннан кейінгі бес күннің ішінде қаулының әрбір тармағының іске асырылуы туралы өтелген зиянның сомасын көрсетіп, құқық қорғау органдарының оларға тапсырылған бақылау материалдары және кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту бойынша қабылдаған шешімдері туралы хабарлай отырып, Төрағаның атына қызметтік жазба дайындайды. Қаулының қандайда да бір тармақтары орындалмаған жағдайда қызметтік жазбада оның себептері мен болжанып отырған мерзімі көрсетіледі.

100. Қаулыны немесе Ұсынымды бақылаудан алу немесе оларды бақылауға қою туралы Төрағаның бұрыштамасы бар қызметтік жазба Есеп комитетінің жауапты мүшесіне жолданады. Қабылданған шешім Есеп комитетінің қаржылық бақылау объектілері жөніндегі ақпараттық деректер базасына (бұдан әрі - ақпараттық база) енгізілуі үшін беріледі.

101. Қажет болған жағдайда, Қаулының немесе Ұсынымның орындалуы барысы туралы мәселені талқылау Есеп комитетінің отырысына шығарылуы мүмкін.

#### **11. Бақылау материалдарын есепке алу, олардың есеп-қисабы және оларды сақтау**

102. Бақылау қорытындылары бойынша есепке алу, олардың есеп-қисабы және оларды сақтау ақпараттық базада қағаз және электрондық (магниттік) жеткізушілерде жүргізіледі.

103. Есеп-қисап нысанын, оның кезеңділігін, сондай-ақ бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша анықталған заң бұзушылықтар тізілімінің нысанын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қаржылық бақылау

объектілерінде анықталған қаржы бұзушылықтардың жіктелімін Төраға белгілейді.

104. Қаулыны немесе Ұсынымды қабылдау ақпараттық базаға материалдарды енгізуге негіз болады. Ақпараттық базаға материалдарды енгізудің мерзімі Есеп комитетінің регламентімен белгіленеді.

105. Ақпараттық базаны қалыптастыру үшін мынадай құжаттардың электрондық нұсқалары енгізіледі:

- 1 ) Та п с ы р м а ;
- 2 ) ба қ ы л а у ж о с п а р ы ;
- 3 ) ба қ ы л а у ба ғ д а р л а м а с ы ;
- 4 ) ба қ ы л а у а к т і л е р і ;
- 5 ) қ о р ы т ы н д ы ;
- 6 ) Қа у л ы н е м е с е Ұ с ы н ы м ;
- 7) бақылау нәтижелері жөніндегі заң бұзушылықтар тізілімі.

106. Мемлекеттік құпияны құрайтын бақылау материалдары ақпараттық базаға енгізілмейді.

107. Қағаздық тасығыштардағы бақылау материалдары Есеп комитетінің кеңсесіне Қаулыға немесе Ұсынымға қол қойылғаннан кейін бес күннің ішінде тапсырылып, іс қағаздарын жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес сақталады және кейіннен белгіленген тәртіппен мұрағатқа тапсырылады.

108. Мемлекеттік құпияны құрайтын бақылау материалдары Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес сақталады.

109. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға іс жүргізу шешімін қабылдау үшін жіберілген әкімшілік материалдардың көшірмелері Есеп комитетінің кеңсесіне сақтауға тапсырылады және жеке журналда тіркеледі.

110. Есеп комитетінің кеңсесіне сақтауға тапсырылған әкімшілік материалдардың көшірмелері Есеп комитетінің жалпы хат-хабарларынан бөлек сақталады.